

# ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІ ТАРИХЫНЫҢ ТӨҢКЕРІСКЕ ДЕЙІНГІ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

*т.ғ.д. профессор Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жұмағұлов Қ. Т.  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Танзенов Д. Ж.*

*3 курс PhD докторанты Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

***Abstract.** The historiographic analysis of the works published on the question investigated in the thesis demonstrates that a certain historical scientific literature is so far saved already up. Representatives of a colonial historiography in the second half of XIX – the beginning of the 20th centuries have created a large number of historical works which contain the considerable actual material reflecting various parties of the resettlement movement. A distinctive feature of a pre-revolutionary historiography is that authors were directly involved in the organization, the device of immigrants, and also in measures for withdrawal of lands at local population. As a result they have made an attempt to analyse the main aspects of the resettlement movement in the Turkistan region.*

*On the other hand, in historical researches of the pre-revolutionary period promotion of the official point of view that processes of accession of the people of Central Asia had for the last progressive values, consisting in so-called "civilizing mission" of the Russian Empire in edge prevailed.*

*It is necessary to emphasize that the pronounced apologetics of the imperial mode in them acts as a distinctive feature of researches of the pre-revolutionary period. Representing the Russian colonial historiography, authors of these works in the basis relied on ideology of territorial expansion of imperial Russia, they served justification that she acts as the major historiographic source as most of her authors were directly involved in the resettlement processes happening during the studied period. of legitimacy of the statement of an autocratic system in the Central Asian region. Nevertheless, they contain the valuable actual material on resettlement policy of tsarism which is objectively promoting replenishment of historical knowledge of Turkistan, his resources. At the same time feature of pre-revolutionary literature is that she acts as the major historiographic source as most of her authors were directly involved in the resettlement processes happening during the studied period.*

***Keywords:** Central Asia, Turkestan, Kazakhstan, Semirechiya, Fergana K.K.Palen, K.P. Kaufman, migration process.*

XIX-XX ғасырлар тоғысындағы Түркістан өлкесіндегі көші-қон үдерістерінің даму тарихы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуымен тікелей байланысты. Сондықтан да тақырыпты зерттеу шеңбері де өте ауқымды.

Осыған байланысты Түркістан өңіріндегі көші-қон үдерістерінің тарихы ғылыми еңбектерде бірсыпыра көрініс тапқанымен, оның дамуы туралы ғалымдардың зерттеулерінде жалпы Қазақстанды алып қарастырған кезде үзінді ретінде беріліп отырған. Сол себептен де Түркістан өлкесінің жекелеген облыстары мен аймақтары бойынша қарастырылғаны болмаса, өлкенің тұтастай көші-қон үдерістері мәселесі кешенді ірі зерттеу жұмысы қазақ тілді ортада әлі жүргізіле қойған жоқ деуге болады. Бірақ та бұл мәселе бірқатар ғылыми жұмыстарда жанама түрде болса да қарастырылған.

Біз қарастырып отырған кезеңдегі Түркістан өлкесіндегі көші-қон үдерістеріне қатысты жарық көрген еңбектерді революцияға дейінгі, кеңестік дәуірдегі және КСРО ыдырағаннан кейінгі, яғни тәуелсіздік кезіндегі деп үш топқа бөлуге болады.

Революцияға дейінгі тарихнамалық еңбектерде халықтың саны туралы мәселелер тек әкімшілік статистикалық материалдар бойынша жанама қаралған. Дегенмен осыған қарамастан 1868 жылғы реформадан кейін тұрғындарды басқару орталықтарымен, ондағы халық санымен таныстыруға тырысқан көптеген еңбектер жарық көре бастады. Сол кезеңдегі құнды құжаттардан

тұратын М.И. Венюков, Н. Васильев, Северцов, А.И. Макшеев, Н.И. Гродеков, М.Г. Юдин, Л.Мейер, Л.К. Черман, Н.А. Дингельштедт, А. Шахназаров, П.Н. Небольсин, И.Ф. Григорьевтер, И.И. Гейер, А.Голубев [1] және т.б. еңбектерінде мәселеге қатысты көптеген мәліметтер бар.

Бас штабтың тапсырмасы бойынша М.И.Венюков 1872 жылдан 1875 жылға дейін бірінші рет азиаттық шекараларды қоса отырып, Ресей облыстары мен губернияларының әскери-статистикалық сипаттамасын жасады. Ол Соғыс министрлігінің елді статистикалық жалпы оқып білу, соның ішінде Қазақстанды қоса алғанда жүргізілген зерттеу еңбектерінің жалғасы болды.

Оның шығармалары негізінен Ресей империясының азиялық шекарасы болғандықтан, ол XIX ғасырдың 70-жылдары ресейлік азиялық шет аймақ мәселесінің танымал маманына айналды. Өзін нағыз патша шенеунігі ретінде көрсеткен М.И. Венюков Ресейдің отаршылдық саясатын «орыстардың ұлы өркениеттік миссиясы» деңгейінде бағалап, патша өкіметінің шет аймақтардағы отарлық билік жүйесін нығайта түсуіне байланысты өз ұсыныстарын білдірген.

М.И.Венюковтың зерттеулерінде Жетісу өлкесінің Ресейдің империялық геосаяси жүйесінде қандай орын алатындығы мен орыс билігін сақтап қалу және оны баянды ету үшін жергілікті халықты қандай жолдармен бағыныштылықта ұстау, олардың ұлт-азаттық қозғалысын болдырмау шаралары сияқты мәселелерді қозғайды.

Дегенмен ол өңірді мекендеген халықтың батылдығы мен жауынгерлік шеберлігіне баға беріп өткен. Ол сонымен қатар өз еңбегінде Қазақстанда болған соң «Орта және Ұлы орда» қазақтары – номадтар, бірақ көбісі Алтай, тарбағатай, Қалба жотасы, Жоңғар және Іле Алатауы өзендерінің бойында егіншілікпен айналысады деп жазды.

Өлке тарихына байланысты мәселелер М.А. Северцов пен А.И. Макшеевтің еңбектерінде жазылады. Олар зерттеулерінде өлкені мекендеген жергілікті халықтардың этникалық, саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін келтіріп, өңірдегі патша өкіметінің отарлық билік орындарының қызметі мен міндеттері жөнінде мәліметтер береді.

Қазақтардың көрші Орта Азиялық халықтармен шаруашылық қатынасы және өзбектермен сауда байланысы, Сырдария өңіріне келіп қоныстана бастаған орыс шаруаларымен арадағы келісім-шарттар мәселелеріне Л.К.Черман, Л.Костенко, К.А.Дингельштедт, А.Шахназаровтар тоқталып кетеді. Олардың еңбектерінде XIX ғасырдың басында қазақтар Қазақстанның оңтүстігінде, яғни, Сырдария, Талас, Шу, Сарысу, Іле бойында егіншілік, оның үстіне суармалы егіншілікпен айналысқанын және егіншілікпен негізінен жатақтар, кедей егіншілер айналысса, ғасырдың ортасына қарай егіншілік, оның ішінде шөп шабу қазақ ауылының неғұрлым ауқатты топтарының да ісіне айналып, егіншіліктің ұсақ мал шаруашылығынан артықшылығы айқын бола түскенін және басқа факторларды ашып көрсетеді.

Н.Васильев Түркістан жандайындағы көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктері мен оның егінші қоныстанушылармен байланысын суреттеген. В.В. Григорьев 1851 жылы Орынборға қызметке келген, кейін Шекара комиссиясының төрағасы болған В.В. Григорьевтің еңбектерінде де Кіші жүз қазақтары жөнінде мәліметтер келтіреді. Ол патша өкіметінің әкімшілік орындарында қызмет жасай жүріп, Ресей империясының отаршылдық саясатын барынша жүзеге асырды. 1852 жылы В.В. Григорьев былай деп жазады: «Сыр бойын отарлаудың ең оңай жолы – оның оң жағалауына он мыңға жуық орыс шаруаларын қоныстандыру қажет». А.Голубев осы өлке қазақтарының кәсібі егіншілік екендігін растап, қазақ дихандарының жер, суды пайдалануымен қатар олардың алым-салықтар төлеуі, олардың оған наразылығы жайлы мәліметтер береді де, қазақтар мен орыстардың өзара қатынастары жөнінде де құнды деректер келтіреді.

XIX ғасырдың ортасында өңірдегі көші-қон тез дамыды және ол кез туралы әртүрлі көзқарастар пайда болып, жекелеген зерттеулерде, қызмет пен тұрмысқа байланысты жазбалардың барлығында бұл мәселелерге соқпай өтпеді. Осы мәселелер бойынша жарық көрген еңбектер мемлекеттік қызметкерлердің жазбалары, саясатпен айналысып жүрген патша шенеуніктерінің жазбалары болды. Тақырыптың кейбір қырлары А.И. Шеманский, С.П. Зыков, Ф.М. Лобычевич, А.И. Бутаков, Ю.Ю.Жаков, М.Ростиславовтың [2] еңбектерінде көрсетіледі. Бұларда Түркістан өлкесіндегі халықтың саны алғаш рет келтіріліп, осы халықтардың әдет-ғұрпы, заң жүйелері берілген.

Мәселен, А.И. Шеманскийдің еңбегінде патша өкіметінің қазақ даласын отарлаудағы оның жоспарлары мен негізгі бағыттарына талдау жасалып, өлкеге орыс шаруаларын қоныстандырудағы мақсатына тоқталады. Мұндай пікірді жоғарыда көрсетілген зерттеушілер

де өз еңбектерінде келтіреді. Дегенмен С.П. Зыковтың еңбегі басқаларға қарағанда өзгешелеу. Онда ол Сыр бойы қазақтарының саяси-экономикалық жағдайына және өңірде орнаған орыс билігінің алғашқы кезеңіне талдау жасайды.

Ал Ф.М. Лобывичтың еңбегінде негізнен қазақ даласын отарлауда өз «үлестерін» қосқан патша шенеуніктерінің қызметіне қатысты мәліметтер беріледі. Арал теңізі мен Сырдария өзенінің алғаш зерттелуіне байланысты мәліметтер келтірген А.И. Бутаков өз күнделігінде жергілікті халықтың экспедиция мүшелері мен патша билігіне қатысты көзқарастарын жазған.

Сондай-ақ, Ю. Южаков және М.Ростиславовтар өз еңбектерінде Ұлы жүз қазақтарының пайдаланылған жердің көлемі жөнінде, егіндік жерді өңдеу әдістері, суғару тәсілдері, жерді пайдалануы, су бөлісуі және оны игеруі сияқты кәсіби салаларына біршама тоқталады.

XIX ғасырдың 60-90-жылдар аралығында Түркістан өлкесіне көптеген патша офицерлері мен орыс шенеуніктері келіп, зерттеу жүргізді. Әртүрлі мамандық иелері болып табылатын олардың еңбектері мазмұны мен көлеміне, алдына қойған мақсат-мүддесіне, отарлық саясатқа қызмет етуге арналғанына қарамастан, тарихи фактілерінің молдығымен өлкедегі халықтар арасындағы қатынас тарихын жаңа қырынан ашып, еңбектерінде көрініс тапты және зерттеуге септігін тигізді.

Бұл ретте М.А. Терентьев, Белявский, И.О. Бабков, Н.А. Аристов, А.К. Гейнс, Н.В. Леденовтың [3] еңбектерін атауға болады. Өлкедегі орыстардың отаршылдық жүйесіне тоқталған М.А. Терентьев те өз еңбегінде патша әкімшілігінің әлі де болса жергілікті халықты отарлаудағы «еңбектері» айрықша казактардың тұрмысына дұрыс көңіл бөлмей келе жатқанын, өлкенің байырғы халықтарына «жұмсақ» саясат қолданып, еш алаңсыз отырғанын, кез-келген уақытта көтеріліс бола қалса, ешқандай дайындығы жоқтығын көрсетіп, сыни тұрғыдан жазады.

Ол өз еңбегінде өлкедегі орыс жаулап алушылығына қарсы жергілікті халықтың күресін әлсірету үшін қазақтардың арасындағы руаралық қайшылықтарды орыс әскери шенеуніктерінің, әсіресе, генерал Гасфордтың шебер пайдаланғанын үлгі ретінде көрсетеді.

Патша өкіметінің Оңтүстік Қазақстанда орнығуының стратегиялық жағынан маңыздылығын құптаған Белявский «Егер де европалықтардың арасында соғыс бола қалған жағдайда, Англияның Үндістанына осы жерден ғана қауіп төндіре аламыз» - деп, өлкедегі әскери биліктің жалғыз орыс шенеунігінің қолында болуын және өлкеге барынша орыс шаруаларын орналастыруды қажеттілік дегенді алға тартады.

И.О. Бабковтың естелігінде XIX ғасырдағы жергілікті халықпен арадағы қарым-қатынасқа патша өкіметінің әрдайым көңіл бөліп отырғандығын аңғартады. Онда И.О. Бабков: «Патша әкімшілігінің басшылары қазақ жерін жаулап алуда оларға қарсы қырғыздарды пайдалану керек еді», - деп Жетісудағы халықтар арасындағы қатынасқа тоқтайды.

Әскери министрліктің өкілі ретінде қазақ даласын аралап, 1867 жылы «Уақытша ереженің» жобасын құрастырған, генерал-майор А.К. Гейнстің еңбегінде Түркістан өлкесін мекендеген рулардың саны, олардың орналасқан аумағы және XIX ғасырдағы жергілікті халықтың патша әкімшілігімен қатынасындағы қайшылықтарды баяндайды. А.К. Гейнс жергілікті халықтар арасындағы әртүрлі даулар мен жер таластарын патша шенеуніктерінің шебер пайдаланғандығын көрсетеді.

Сонымен қатар, Жетісу өңіріндегі патша өкіметінің отарлық билік орындарының қызметі мен міндеттері жөнінде Н.В. Леденов өз еңбегінде көрсетеді. Бұл еңбекте ол билік орындарының құрылуы мен қалыптасу тарихын баяндап, отарлау тәсілдерін талдайды. Патша үкіметінің жергілікті халықтардың көтерілісін басып - жаншуда казактарды қарулы күш ретінде пайдаланғанын деректер арқылы келтіріп, сол кездегі өлкеде орын алған саяси оқиғалар туралы шынайы мәліметтер қалдырады.

Қазақтар туралы олардың тарихынан, әлеуметтік құрылымынан, тұрмысынан, рухани өмірінен, салық төлеуі мен әдет-ғұрпынан бастап алуан түрлі мәліметтер бар жалпы еңбектермен қатар, қазақ қоғамының саяси, экономикалық, құқықтық жақтары мен мәдениеттің түрлі тақырыптарының жекелеген мәселелерін арнайы және терендетіп көрсететін еңбектер де аз емес. Олардың бір бөлігі мерзімді басылымда жарияланған, ал басылымдар ауқымы қазақ халқына деген ынты-ықыласты және ол жөнінде көбірек те кеңірек білуге құштарлықты көрсетеді.

Тарихи зерттеулер нәтижесінде жарық көрген ғалымдардың еңбектері өзінің құндылығы жағынан осы күнге дейін маңыздылығын жоймаған еңбектер қатарына В.Н. Каплун, А.П. Федченко, А.И. Добромислов, Н.И. Веселов, В. Задорская мен Г. Александров,

К.К. Пален, Н.И. Крафт, Г. Загражский, А. Миддендорф, И. Костенко, В.П. Вошинин, Н.А. Карышев, В.Н. Юферов, А.А. Кауфман, П.А. Скрыплев, М. Михайлов, Н. Гаврилов, В.И. Масальский, С. Велецкий, П. Румянцев, Е. Федоров, В. Васильев, Т. Седельников, М.А. Коморовтың [4] еңбектерін жатқыза аламыз.

Олардың еңбектері Түркістан өлкесінің Ресей империясының отарына айналуы мен салдары жөнінде деректерді келтіруімен құнды. Өйткені авторлар өз зерттеулері арқылы өлкедегі көші-қонға, Түркістандағы тұрғындардың орналасуына, ондағы отарлау саясатына ғылыми талдау берген және өлке халықтарының саны, құрамы, жынысы мен жасы, ұлты және олардың шаруашылықтары туралы көптеген деректік құжаттарды алуға болады.

Бұл еңбектердің маңыздылығының өзі оларда тек көшпелілердің тұрмысы мен өмірін ғана сипаттап қана қоймай, сондай-ақ еңбектерде өлкені мекен еткен қазақтар, ұйғырлар, дұңғандар, өзбектер, қырғыздар туралы мәліметтер берілді. Оларды тең емес үш топқа бөлуге болады, біріншісі губернаторға берілген есеп көшірмелері – «обзорлар», қала мен уездерде жүргізілген бір күндік санақтың қорытындылары, дәрігер еңбектері.

Түркістандағы отаршыл әкімшіліктің кәсіби деңгейін жақсы білген А.И. Добросмыслов кауфмандық басқару жүйесіне қатысты: «К.П. Кауфманның кезінде Ресейде жарамды жұмыс таппаған кез-келген қаңғыбас өлкедегі қызметке келетін», - дейді.

Түркістан өлкесінің саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінен жан-жақты мәлімет беретін дерек көзіне К.К. Паленнің еңбектері жатады. Сонымен қатар К.К.Паленнің өлкедегі халық саны, құрамы туралы материалдар алуға үлкен маңызы бар деректерден тұрады. Аймақты 1908 жылы зерттеген оның еңбегі көп томдық материалдар жинағынан тұрады. Ол Түркістан өлкесінде сенатор ретінде тексеру жұмыстарын жүргізген кезінде Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарқанд облыстарынан мәліметтер жинап, оған талдау жасағаннан кейін К.К. Пален «бүгінгі заң ережелері» халықтың шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктеріне толыққанды жауап бере алмайды деген қорытындыға келеді.

Н.И. Крафт, Г. Загражский сияқты авторлар өлкедегі патшалық әкімшілік орындарының жергілікті халықты европалық өркениетпен «байланыстырушы көпір» қызметін атқаратын рөлін дәлелдеуге тырысқан. Сол себептен олар өлкедегі көшпелілердің дәстүрлі сот жүйесін, яғни билер сотының жаңа жағдайда да өміршеңдік танытуын «тағылықтың сарқыншықтары» ретінде бағалайды.

Ал, басқа авторлардың еңбектерінде патшалық Ресейдің өлкені отарлауға байланысты жер мәселелерін жан-жақты талдап, өлкеге келген келімсектердің шаруашылығының дамуы, жергілікті халық пайдалануындағы жердің «артығын» мүмкіндігінше көбірек тауып, онда көші-қон учаскелерін даярлауды мақсат еткен қоныс аудару мекемелерінің құрылуы, олардың қызметінің мазмұны, келімсектер поселкелері мен қазақ ауылдары арасындағы қарым-қатынас, патша әкімшілігінің өлкені қоныс аударушылар арқылы отарлаудың қазақ қоғамына әсері мәселелеріне шынайы түрде баға беру жетіспейді. Онда орыс тарихнамасындағы фактілерге сүйенген әртүрлі мәліметтер берілгенімен, алайда патша өкіметінің отаршылдық саясатын ақтау мақсатында қоныс аудару мәселесі бір жақты етіп қарастырылады.

Бұл еңбектерді зерттеу мақсатында пайдалану барысында сыни анализ жасауды қажет етіп, оларды шартты түрде ресми көзқарасты қамтитын еңбектер және салыстырмалы түрде сол кезеңде қалыптасқан жағдайды объективті түрде бейнелеген еңбектер деп екі топқа бөлуге болады.

Ресми көзқарастағы еңбектер көптеген кемшіліктерден тұрып, ең бастысы оларда патша өкіметінің қоныс аудару саясатындағы отаршылдық мақсаты туралы көрсетілмеген және өлкенің сол уақыттағы әлеуметтік-экономикалық дамуындағы прогрессивті өзгерістер орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуымен байланыстырылды.

Бұл көзқарастағы еңбектердің авторларына патша өкіметінің отарлау саясатын тереңдете түсу мақсатында, Түркістан өлкесінде әртүрлі мезгілде зерттеу және тексеру жұмыстарын жүргізген А. Миддендорф, И. Костенко, В.П. Вошинин, Н.А. Карышев, В.Н. Юферов, А.А. Кауфман, П.А. Скрыплев, М.Михайлов, Н.Гаврилов, В.И.Масальский, С.Велецкий сияқты шенеуніктер мен ғалымдарды жатқызуға болады.

Бұлардың еңбектерінің көпшілігінде келімсектер жергілікті халыққа егін шаруашылығында темір соқа пайдалану, мал шаруашылығында жем-шөп дайындау, жаңа кәсіпкерлік түрлерін үйрету, т.б. секілді жаңалықтар алып келді, сондықтан жергілікті халық орыс мұжықтары болмаса жабайы күйінде қала берер еді деген көзқарастар орын алған.

Әсіресе, осы мәселелер бойынша белгілі экономист және статист, профессор А.А. Кауфманның еңбегі ерекше. Ол қазақтардың атамекен жерлерінен ығыстырылуын ауыл шаруашылығындағы мәдени прогресс, ауыл шаруашылығын интенсификациялау деп қарап, қазақ жерлерінің зорлықпен тартып алынуы олардың отырықшы тұрмысқа өтуіне ықпал етті-мыс деді.

Дегенмен, олардың еңбектерінде қазақ даласының тікелей отарға айнала бастағандығы жөнінде, патша өкіметінің отарлау саясатының басты мақсат-мүдделері мен бағыттары, барысы мен нәтижелері ашып көрсетілмесе де, осы күнге дейін құндылығын жоғалтпаған алуан түрлі деректер баршылық.

Онда Түркістан өлкесіне қоныс аударғандар мен оған қатарлас орналасқан ауылдардағы қазақ руларының өмірі, өлкедегі жергілікті халықтың шаруашылығын, тұрмыс жағдайларын зерттеп, реформадан кейінгі дәуірдегі өлкедегі демографиялық өзгерістерді, жергілікті халықтың жерсізденуін, әлеуметтік-саяси және шаруашылық салаларындағы ауыр жағдайларын қарастырған.

Сол кезеңде қалыптасқан жағдайға объективті түрде баға беріп, жергілікті халықтың адалдығын, бейбітсүйгіштігін, жоғары дәрежедегі егіншілігін бейнелеген П. Румянцев, Т. Седелников, А. Алекторов, В. Васильев, М.А. Комаров сияқты авторлардың еңбектерін атауға болады.

Зерттеулер ішінде көптеген мәліметтер беретін еңбек П.П.Румянцевтің басшылығымен болған комиссияның жинаған материалдары. Ф. Щербинаның экспедициялық мәліметтерді пайдалану арқылы қазақтардың жерді пайдалану түрлерінің эволюциясын жан-жақты зерттеген П. Румянцев өз еңбегінде алғашқы болып, орыс-қазақ қатынастарының қамқорлықтан отарлыққа өту үрдісін көрсетіп, «Енді Азия халқының тарихы жоқ, оның орнына ауылды мекендеушілер-бұратаналар өмірінің тарихы бар» деп отарлық езгіге түскен қазақ халқының ауыр тұрмысын жазып қалдырды.

Сонымен қатар оның еңбегі Жетісу аймағындағы халықтың орналасуы туралы негізгі дерек болып табылады. Онда қазақ, ұйғыр, дұңған және орыстардың қауымдасып өмір сүргендігі туралы, көші-қондық процестердің ауқымы мен табиғи-климаттық жағдайы туралы, облыс арасындағы ішкі көші-қондық процестерге сипаттама берілген. Ол сол кез үшін либералдық бағыттағы құнды еңбек болды, оны жазуға қазақ интеллигенциясы өкілдері де тартылған.

Ал Т. Седелниковтың зерттеу жұмыстарында қоныс аударушыларға қазақ жерлерінің алынуы, патша әкімшілігінің келімсектерге жер бөліп берудегі қазақ халқына жасаған қиянаттарын ашық түрде беріп, «халық өседі, жер өспейді» деген. Қазақтың дәстүрлі ауыл шаруашылығының дағдарысқа ұшырауының негізгі себебі жергілікті халықты империяның отарлық қанауы болды деген қорытындыны алғаш жасағандардың ішінде А. Алекторов болды. Осындай себеппен Жетісу өлкесінде де ауыл шаруашылығы дамуының тежелуін Н. Васильев зерттеу жұмысында көрсетті.

М.К. Комаров «Правда о переселенческом деле» деген еңбегінде патша өкіметінің қоныс аудару мәселесі төңірегінде жіберіп отырған жүгенсіздіктерін, паракорлықтарын, мемлекеттік ақшаны талан-таражға салғандығын, орман ағаштарының аяусыздықпен кесіліп жатқандығын, т.б. өзекті мәселелерді батыл түрде сынады.

Революцияға дейінгі тарихнамалық шығармаларға талдауды қорытындылай отырып, зерттеушілер тұрғындарды біржақты немесе бір ғана бағытта алып қарады деп тұжырымдауға болады. Ол тарих ғылымының даму деңгейіне де байланысты, статистикалық есептің нашарлығынан, соның нәтижесінде ғалымдар өз зерттеу шеңберін тар алып отырды. Сондықтан ғалымдар өз зерттеулерінен көптеген маңызды мәселелерді тыс қалдырды.

Ресейдің отарлау саясаты және аймақтағы қазақтар мен орыстардың жер шаруашылығы, қазақ халқының саны, ұлттық құрамы, аймақтағы халықтардың орналасуы, этникалық және тұрмыс-салтының өзіне тән ерекшелігі, жергілікті халықтар мен көшіп келген халықтар арасындағы қарым-қатынастарға сипаттама берілген. Ол зерттеу жұмыстарынан көптеген ғылыми деректерді алуға болады, бірақ аймақтағы әлеуметтік жағдайға байланысты деректерге тереңдеп тоқтала отырып сипаттама беру жағы терең алынбаған және аймақтағы отарлаудың мәні, оның аймақтағы халықтың ұлттық дамуына тигізіп жатқан кері әсеріне баса көңіл бөлінбей, көшпелі халықтың өзіне тән даму заңдылықтары толық ашылмаған.

XX ғасыр басында Орталық Азиядағы жергілікті халықтар мен келімсек славян халықтары арасындағы этносаралық қатынастағы жағдай, әлеуметтік-экономикалық даму туралы еңбектер жарық көре бастады. Сол кезде аталмыш өлкеге көшіп келіп, құнарлы

жерлерге орналасқан келімсектерге наразы болған жергілікті халықтың тұрмысына қазақ зиялылары да өз бағасын берді. Патшалық үкіметінің жүргізген саясатын өткір сынға алып, жергілікті халыққа әділетсіздік қысым көрсетілгеніне көп көңіл аударған.

Жалпы алғанда, олардың еңбектерінде көрсетілген мәселелер тек Түркістан өлкесіне ғана емес бүкіл қазақ даласын қамтыған. Бұл ретте Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы, М. Тынышбаев, М. Дулатов, М. Шоқай, Т. Рысқұлов, Т. Шонанұлы, Р. Мәрсекөвтердің еңбектері алғашқы қатарға жатады.

Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде қазақ даласының, соның ішінде, Түркістан өлкесінің саяси-әлеуметтік жағдайы, жергілікті халықтың отаршылдық саясатқа деген көзқарасы мен патша әкімшілігімен арадағы қатынасы, ұлт-азаттық қозғалыстың бағыт-бағдарлары мен мақсат-мүдделері шынайы көрсетуімен ерекшеленеді.

Ә. Бөкейханов патша өкіметінің отаршылдық саясатын ашықтан-ашық сынға алып, «Теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы» деп өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алуды ұсынып, ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты етіп, қазақ халқының сана-сезімін ояту, ұлттық мәдениетін өркендету, өнер-білімін көтеру қажет деп түсіндірді.

Қарусыз бейбіт халықты қырып, жерін күшпен тартып алып, малын айдап әкеткен патша өкіметінің қиянаттық іс-әрекеттерін сынаған ол: «Өз жерінде төресіне құлақ-кесті құл болған егінші орыс, біздің жерге көшіп келіп, құнарлы жерлерді иеленіп, өз өкіметіне сүйенген кешегі құл, қазақ-қырғызға би болған. Жерін орыс алған қазақ-қырғыз сол орысқа жалданып құл болған... Жақсы жер де, бай тұрмыс та қазақ-қырғыздың жерінде деп Ресейде қалған аш егіншілерді хабарландырып, олар шегірткедей қазақ-қырғыз жері қайдасың деп ағылған», - дейді.

Алаш көсемдерінің бірі А. Байтұрсынов та өзінің жариялаған мақалаларында патша өкіметінің жүргізген отаршылдық саясатын ашықтан-ашық сынады. Оның еңбегінен қазақтардың тұрмысы мен мінез-құлқ, жаңа жағдайларда шаруашылықтың дәстүрлі әдістерін жүргізу қиыншылықтары және оған бейімделуге тырысушылық жөнінде қызықты сипаттамалар табымыз.

Ал, М. Дулатовтың мақалаларында орыс шаруаларын қоныстандыру нәтижесінде жер мен судың азайып бара жатқанын, патша әкімшілігі жергілікті тұрғындарға қысым көрсетіп жатқанын жазады. М. Дулатов өзінің жер мәселесіне арнаған мақаласында: «...Қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондап жерсіз мұжықты үкімет қазақ жеріне қондырды, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, ата мекеннен ірге қозғалып, қазақтың шаруасының күйзелуі, 15-20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбей, бұлай болғанда енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып, ақырында пақырлыққа жетуі мүмкін», - деген.

Халықтың этникалық құрамы мен саны туралы мәселелерге көп көңіл бөлінген еңбек М. Тынышбаевтың «Материалы к истории киргиз-казахского народа» еңбегі. Бұл еңбек көп уақыт бойы кеңестік идеологияның талаптарына сай ғылыми айналымға тартылмай келді. Автор өз еңбегінде қазақ этносын, жүздердің шығу тарихын және 1917 жылғы қазақ халқының санын алғаш рет берді. Бұл еңбек деректік тұрғыдан да маңызды.

Шетелде эмиграцияда жүрген қазақ зиялысы М. Шоқаевтың еңбегі де аймақтағы халықтың тарихына арналған М. Шоқайдың еңбегінде Түркістан өлкесі көп ұлтты аймақ ретінде алынып қаралып, Түркістандағы патша өкіметінің басқарушы мекемелерінің саясаты, жер мәселесі арнайы талдаудан өткізіп, отаршыл әкімшіліктің шектен шыққан іс-әрекеттерін суреттейді және патша өкіметінің жүргізген реформалардың әсері, халықтарды орналастыру, әлеуметтік-саяси жағдайлар және көші-қон мәселелері қаралды.

Т. Рысқұловтың еңбегінде Жетісу жеріндегі қазақтардың ауыр жағдайына көптеген деректер арқылы сипаттама бере отырып, сырттан көшіп келіп қоныстандырылғандардың жергілікті халықтың жері мен малын тартып алуы олардың әлеуметтік жағдайының қиындап, ақырында күреске алып келгендігін көрсетеді. Патша үкіметінің жүргізіп отырған саясатының өзі жергілікті халықтар – қазақтардың санын азайтуға әкелетінін, оларға салынған алым-салық мөлшерінің өте ауырға соққандығын деректер арқылы талдап берген. Т. Рысқұлов 1916 жылғы көтерілістің алғышарттарына сыртқы көші-қон процесінің үдеп, этномәдени ахуалдың күрделене түсуін жатқызады және бұл көтерілістің өңірдегі қазақ-қырғыздың үлес салмағына әсерін ашып көрсетеді.

Туған елінің тарихын жақсы білген Т.Шонанұлы “Жерден айырыларда қазақтың қабырғасы қайысып, омыртқасы майысады. Жалғзынан айы-рылғандай жермен қоштасады. Ботадай боздап өлең айтады” деп ұлтының жерге деген қатынасын суреттей отырып, патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлаудағы өрескел әдістері мен оның қазақ халқының тағдырындағы қасіретті салдарын нақты деректер негізінде ашып көрсетеді.

Осылайша, патша өкіметінің қазақ жерін отарлауының екі бағытта болғанын бөліп көрсетіп, “... бірі – орыс жұртының өз бетінше, ешкімнен сұрамай отар-лауы (вольная колонизация), екіншісі – ресми отарлауы (правительственная колонизация)” деп нақтылайды. Демек, Т. Шонанұлының пікіріне қарасақ, қазақ жерін көп талап, қазақ шаруашылығының даму үрдісіне үлкен кесірін тигізгені «ресми отарлау әрекеті болды», - деп көрсетеді.

Ал Р. Мәрсеков болса, ХХ ғасырдың басында қазақ халқының басын-дағы ауыр жағдайды сипаттай келе “Қазақ қайтсе, жерге ие болады” деп пат-шалық өкіметтің қазақ даласында өзіне тиімді саясат жүргізіп, жер бөлу мә-селесінде жергілікті қазақ халқымен санаспай жүзеге асырып жатқанын қатаң сынға алады. Ол келесі «Жер мәселесі» атты мақаласында переселен учаске-лерінің құйтырқы әрекеттерін былайша ашық көрсетеді: «Көшпеліліктен отырықшылыққа айналу өте қиын мәселе хәм тіршілік мәселесі. Бұл мәселе әсіресе қазақ даласына ішкі Русиядан мұжықтар ағыла бастағаннан бері қиындады.

Переселен управлениесі бар ыждақатын мұжықтар жер кесіп беруге жұмсап, қала болуға сұранған қазақтарға аз ілтипат бөлетін болды. Қазақ арыздарының көбіне 3 - 4 жылға шейін жауап ала алмай, сенделіп жүргендері аз емес.

Кей уақытта мұжық қатарында 15-тей жер алып, қала боламын деп арыз берген қазақтар арасында қайталап, бұрынғыдай көшпелі күйде мал шаруасымен тұра береміз деушілер де болғаны бар, бірақ бұған қарап пересе-лен управлениесі күллі қала боламыз деген қазақтың тілегіне сенімсіздік көр-сетіп, арыздарын жауып тастаудың орны жоқ еді.

Бұндай көңілсіз оқиға переселен управлениесі тізгінін ұстаушылар көптен көзінің қырын саларға керек еді», - деп күрсіне жазды.

Ойымызды қорыта келе, ХІХ ғ.аяғы мен ХХ ғ. басында Орталық Азияда орын алған көші-қон үдерістері тарихының зерттелуі кейінгі кеңестік кезең тарихнамасында таптық қағидалардың әсер етуіне орай, өзгерістерге ұшырады. Зерттеушілердің ішінара бөлігі Ресей империясының Орталық Азияны жаулап алғанын, халықтар арасындағы қатынастарға тигізген отарлық саясаттың кері зардаптарын атап көрсеткенімен, бұл мәселелердің астары жеткілікті дәрежеде терең зерттелмеді.

Осы аталған тарихнамалық зерттеулер Орталық Азияны патша әкімшілігі мен жергілікті халық арасындағы қатынастың тарихына шынайылық тұрғыдан баға беру қажеттілігін және ғылыми жағынан құндылығын аңғартса керек.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Венюков М.И. Венюков М. Опыт военного обозрения русских границ в Азии. – СПб., 1873. – 144 с. Васильев Н. Кочевники Туркестана. – Самарканд, 1890. Северцов Н. Путешествие по Туркестанскому краю и исследования горной страны Тянь-Шаня // ТС. – 1873. – Т. 49. – С. 1–461. Макшеев АП. Путешествие по киргизским степям и Туркестанскому краю. – СПб., 1896. Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы Сырдарьинской области. (Юридический быт). – Ташкент. 1889. Юдин М.Г. Взятие Ак-Мечети в 1853 году как начало завоевания Кокандского ханства. – М., 1912. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб., 1865. Черман Л.К. Оседлое киргизы-земледельцы на р. Чу // ЗЗСРГО. – Омск, 1900. – Кн. 27. Дингельштедт Н.А. Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сырдаринская область. – СПб., 1895. – Т.2, ч. 3. Шахназаров А. Очерк сельского хозяйства Туркестанского края. – СПб., 1908. Небольсин П.Н. Очерк торговли России со Средней Азией // ЗРГО. – СПб., 1855. – Кн. 10. Григорьев В. Русская политика в отношении к Средней Азии. Исторический очерк. – СПб., 1874. Гейер И.И. Крестьянская колонизация Сыр-Дарьинской области. – Ташкент, 1912. Голубев А. Отрывок из Путешествия в Среднюю Азию // ЗРГО. – 1863. – Кн. 3.

2. Шеманский А.И. Боевые фронты государства и управление ими // ВС. – 1861. – № 5. – С. 10–31. Зыков С.П. Очерк об утверждений русского владычества на Аральском море и реке Сыр-Дары в 1847 по 1862 г // МС. – 1862. – № 6. – С. 17–38. Лобысевич Ф.М. Главные

начальники Оренбургского края 1734–1870 // ВС. – 1872. – № 3, ч. 5. – С.17–39. Бутаков А.И. Наши первые шаги на Аральском море // ТВ. – 1892. – № 90, 91. Южаков Ю. Наши приобретения в Средней Азии // ТС. – 1876. – Т. 5. Ростиславов М. Очерки видов земельной собственности и поземельный вопрос в Туркестанском крае // ТС. – 1878. – Т. 323. – С. 241–273.

3. Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии // Соч.: в 3 т. – СПб.: Типо-литография В.В. Комарова, 1906. – Т. 3. – 496 с. Белявский. Материалы по Туркестану. – СПб., 1884. – 203 с. Бабков И.Ф. Воспоминания о моей службе в Западном Сибири. 1859–1875 г. – СПб., 1912. – Кн. I. – 189 с. Аристов Н.А. Труды по истории и этническому составу тюркских племен / отв. ред. акад. В.М. Плоских. – Бишкек: Илим, 2003. – 460 с. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. – СПб.: Тип. М.М. Стасюлевича, 1897. – Т.1. – 589 с. Леденев Н.В. История Семиреченского казачьего войска. – Верный: Типография Семиреченского областного правления. – 1909. – 834 с.

4. Каплун В.Н. Положение об управлении Туркестанского края. – Ташкент, 1903. – 212 с. Путешествие в Туркестан А.П.Федченко, совершенной от имп. Общества, любителей естествознания. – СПб., 1875. – Т.1, ч. 2. – 160 с. Добромислов А.И. Ташкент в прошлом и настоящем. – Ташкент, 1912. – 472 с. Веселов Н.И. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае: текст пер. с прилож. – СПб., 1894. – 187 с. Задорская В., Александров Г.А. Промышленные заведения Туркестанского края. – Петроград, 1915. – Вып. 1. Пален К.К. Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенный по высочайшему повелению сенатором графом К.К. Паленом. – СПб., 1909. Крафт И.И. Судебная часть в Туркестанском крае и степных областях. – Оренбург, 1898. – 214 с. Загражский Г. Юридический обычай киргиз о народном суде у кочевого населения. Туркестанского края. – СПб., 1876. – 202 с. Миддендорф А. Экспедиция для исследования сельскохозяйственных условий русского Туркестана // ИРГО. – СПб., 1879. – Т.14, вып.1. – С. 67–81. Костенко И. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. – СПб., 1870. Вошинин В.П. Очерки нового Туркестана. Свет и колонизации. – СПб., 1914. – 214 с. Карышев Н.А. Крестьянские внеадельные аренды. Итоги экономического исследования России поданным земской статистики // РБ. – 1898. – № 5. Юферов В.И. Опыт поредления нормы надела переселенцев по данным исследования селений Черняевского, Кауфманского и Константиновского Ташкентского уезда. – Ташкент, 1907. Кауфман А.А. К вопросу о русской колонизации Туркестанского края. – СПб., 1903. Скрыплев П.А. Материалы по обследованию переселенческого хозяйства в Туркестане. – Ташкент, 1909. Михайлов М. О Сырдаринских киргизах // Неделя. – 1866. – № 3. Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае. – СПб., 1905. Массальский В.И. Туркестанский край. – СПб., 1913. Велецкий С. Записка о положении и нуждах переселенческого дела в Семиреченском районе к 1 января 1913 г. – Верный, 1915. – 112 с. Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. – Лепсинский уезд. – СПб., 1911. – Т.1, вып. I. – 633 с. Федоров Е. 1905 год и коренное население Туркестана // Новый Восток. – 1925. – № 10. – С. 10–21. Васильев В.А. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. – СПб., 1915. – 277 с. Седельников Т. Борьба за землю в Киргизской степи. – СПб., 1907. Коморов М.К. Правда о переселенческом деле. – СПб., 1913. – 145 с.

5. Бөкейханов Ә. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б. Байтұрсынов А. Қазақ өкпесі / құраст. У. Субханбердина, С. Дәуітов // Айқап – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 367 б. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б. Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: Санат, 2009. – 288 с. Дулатов М. Жер мәселесі // Айқап. – 1911. – № 6. – Б. 8–10. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1998. – 511 б. Рыскулов Т. Из истории революционной борьбы в Казахстане // Революция и национальности, 1935. – №11. – С. 33–40. Абикенова К.Е. «Телжан Шонанұлының қоғамдық-ағартушылық және ғылыми қызметі (1894–1938 жж.)» тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. Алматы 2007. 19 б. Р. Мәрсеков «Қазақ қайда бара жатыр» Алматы, Елтаным баспасы – 2013, 133–134 бб.